

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ; ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Шәкен Ділнәз Сапарғалиқызы

dilnaz-shaken@mail.ru

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті «Сот-прокурорлық және тергеу
криминалистикалық қызметі» мамандығының 2 курс студенті*

*Ғылыми жетекші - Э.А. Ашимова з.ғ.к., доцент,
Астана, Қазақстан*

Қазіргі әлемде кәмелетке толмағандардың дамуы үшін қауіпсіз және қолайлы ортамен қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл қылмыстық құқықтың маңызды саласы, өйткені кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың ауыр әлеуметтік және құқықтық салдары бар. Дегенмен, қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін қоғамның, құқық қорғау органдарының, оқу орындарының, ата-аналардың бірлескен күш-жігері қажет. Адам үшін ең керегі-бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір сүру. Жалпы кәмелетке толмағандарға зорлық-зомбылық жасау атам заманнан бар, тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұл мәселе болып көтеріле басталды. Отбасылық ұрыс-керіс, әйел мен бала саудасы, адамдардың бір-бірін өлтіруі бәрі де әлемдегі шешімі табылмай келе жатқан мәселе.

Бұл мәселенің басты аспектілерінің бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Отбасы балаларды қауіпсіз және қорғалған сезінетін орын болуы керек. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілері бойынша заң қылмыскерлерге қатал болуы және жәбірленушілердің құқықтарын қорғауы керек. Бұл зардап шеккендерге тиімді құқық қорғау, психологиялық және құқықтық қолдау көрсетуді талап етеді.

Кәмелетке толмағандарды қоғамға баулу олардың бала кезінен басталады. Дәл осы кезеңде олардың болашақтағы мінез-құлқын анықтайтын негізгі құндылықтар, нормалар мен көзқарастар қалыптасады. Сондықтан кәмелетке толмағандарды қатыгездік пен зорлық-зомбылықтан қорғаудың жалпы қоғам үшін маңызы зор. Жас кезінде зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар өмір бойы психикалық және эмоционалдық дамуына әсер ететін жарақаттарды жиі бастан кешіреді. Сондықтан кәмелетке толмағандардың қауіпсіз және қамқор балалық шағы болуы үшін барлық шараларды қабылдау қажет [1].

Кәмелетке толмағандарға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің негізгі құралдарының бірі – қылмыстық құқық. Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың алдын алуға және жазалауға бағытталған заңдар балалық шақ қауіпсіз және заңмен қорғалатын қоғам құруда маңызды рөл атқарады. Қылмыстық заң балаларға қатысты қатыгездік пен зорлық-зомбылық жасағандардың жазалануын қамтамасыз етіп, жәбірленушілерге қолдау мен қорғауды қамтамасыз етуі керек.

Қылмыстық құқық құқықтың басқа салаларымен және қоғамдық институттармен тығыз өзара әрекеттестікте жұмыс істеуі керек екенін атап өткен жөн. Мысалы, отбасы, мектеп, емдеу мекемелері, құқық қорғау органдары – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлығы бірлесе жұмыс істеуі керек. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу әдістері туралы білім беру бағдарламалары мектептегі және мектептен тыс іс-шараларға енгізілуі керек. Медицина қызметкерлері тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілерін тануға және мұндай жағдайларға дереу әрекет етуге үйретуі керек. Құқық қорғау органдары кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстардың тиімді тергелуін және кінәлілердің жауапқа тартылуын қамтамасыз етуі керек [1].

Сонымен қатар, қылмыстық заңнама осал жағдайдағы балаларды қорғауға ерекше көңіл бөлуі керек. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі балалар, жетім балалар, мигрант балалар – олардың барлығы қосымша қорғау мен қолдауды қажет етеді. Қылмыстық заң олардың нақты

қажеттіліктерін ескеріп, барлық балалар үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі керек.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген.

Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады [4].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық және оның балаларға әсері. Зерттеулер көрсеткендей, отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар ауыр психологиялық зардаптарға ұшырайды. Бұл жарақаттан кейінгі стресстік бұзылулар, алаңдаушылық, депрессия және мінез-құлық проблемалары ретінде көрінуі мүмкін. Олар сондай-ақ жиі ата-аналар арасындағы зорлық-зомбылыққа куә болады, бұл олардың эмоционалдық жағдайын одан әрі нашарлатады [2].

Кәмелетке толмағандар зорлық-зомбылығының алдын алудағы білім беру мекемелерінің рөлі. Мектептер кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау және алдын алуда маңызды рөл атқарады. Қорқытуға қарсы бағдарламалар мен қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер барлық студенттер үшін қауіпсіз және қолдау көрсететін ортаны құруға көмектеседі. Сондай-ақ мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерін балаларды қорлау белгілерін тануға және мұндай жағдайлар анықталған жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуге үйрету маңызды.

Отбасындағы тәрбие арқылы кәмелетке толмағандар зорлық-зомбылығының алдын алу. Ата-аналарды зорлық-зомбылықсыз тәрбиелеу әдістері туралы оқыту кәмелетке толмағандар зорлық-зомбылығының алдын алудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұған эмоционалды дағдыларды үйрету, конструктивті қақтығыстарды шешу және балалармен тиімді қарым-қатынас жасау тәсілдері кіреді [5]. Отбасы орталықтарын және ата-аналарды қолдау бағдарламаларын қолдау отбасылық зорлық-зомбылық қауіпін және оның кәмелетке толмағандар үшін жағымсыз салдарын айтарлықтай төмендетуі мүмкін. Құқық тұрғысынан алар болсақ, елімізде балалардың құқығын қорғау үшін көптеген заңдар қабылданды. Атап айтар болсақ, «ҚР Қылмыстық кодексі», «ҚР бала құқықтары туралы», «Тұрмыстық зорлық зомбылыққа қарсы іс қимыл туралы» және т.б. Еліміздің қылмыстық кодексінде балалар құқығын қорғайтын арнайы Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар деп аталатын тарау бар. Онда кәмелетке толмаған жасөспірімдерді қылмыстық істерге, атап айтқанда, жезөкшелікке тарту, баланы ауыстыру, сату сияқты мәселелер қарастырылған.

Жалпы, қазіргі таңда отбасында кәмелетке толмағандарға жасалатын қылмыстар саны көбейді. Ата анасының бала тәрбиесінде ұрып соғу секілді әрекеттерді қолдануы, балағаттауы тағы осы сынды әрекеттер көптеп көрініс табады. Алдыңғы жылғы мәліметтерге сүйенсек, балалар омбудсмены Динара Закиеваның хабарлауынша 2023 жылдың басында елімізде 25 бала өлімі тіркелген. Оның 6-ы туыстарының қолынан қаза тапқан [6]. Ал әлемдік жаңалықтарға сүйенер болсақ, жақында ғана барлық интернет желілерінде көрініс тапқан Огайо қаласының тұрғыны 30 жасар Кристель Канделарио өзінің Джейлин атты 16 айлық қызын 10 күнге жалғыз тастап, демалысқа кетіп қалған. Салдарынан Джейлин аштықтан қаза табады. Осындай сынды әрекеттер әлемде де, елімізде де көптеп белең алууда.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандарға қарсы зорлық-зомбылық мәселесінде балалар үйіндегі және бала бақшадағы жасөспірімдерге жасалатын қылмыстардың деңгейі де өте жоғары. Мұндай қылмыстар педагогтардың, бала тәрбиесімен айналысатын, жалпы

балалармен жұмыс жасайтын тұлғалардың біліктілігінің, психологиялық тұрғыдағы жағдайының жұмысқа қабылдау барысында тексерілмей, елеусіз қалуының салдарынан туындайды.

Қоғамымызда кәпелетке толмағандар зорлық-зомбылығында тек қана, ұру, психологиялық қысым мәселелерінен бөлек, сексуалдық сипаттағы әрекеттерді жасау да көрініс табады. Өткен жылдың қорытынды статистикасына сәйкес, елімізде балалардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы 13280 қылмыс тіркелген. [6] Ең сорақысы, эксперттердің айтуынша, мұндай қылмыстардың басым көпшілігі балалардың жақын туыстарының, көршілерінің тарапынан орын алуда.

Кәпелетке толмағандар зорлық-зомбылығына БАҚ әсері. Зорлық-зомбылық медиа мазмұны да балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда теріс рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, зорлық-зомбылық көрсететін бағдарламалар мен бейне ойындарға ұзақ уақыт әсер ету балаларда агрессияның күшеюіне әкелуі мүмкін. Сондықтан балалардың зорлық-зомбылық мазмұнға қол жеткізуін бақылау және оларды БАҚ-ты сыни тұрғыдан қабылдауға үйрету кәпелетке толмағандар зорлық-зомбылығының алдын алудың маңызды аспектілеріне айналады [3].

Мәселенің күрделілігін және оның аспектілерінің алуан түрлілігін ескере отырып, ғалымдардың, практиктердің, құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіре отырып, балалар зорлық-зомбылығын зерттеу мен алдын алудың пәнаралық тәсілдерін әзірлеу маңызды. Тек бірлескен күш-жігер ғана кәпелетке толмағандарға олардың дамуы мен әл-ауқаты үшін қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз ете алады.

Сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдерді бала қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген тәрбиенің баламалы әдістеріне үйрету маңызды аспект болып табылады. Бұған жанжалдарды бейбіт жолмен шешуді үйрену, эмоционалдық дағдыларды үйрену және эмпатияны дамыту кіреді. Ата-аналарды қолдаудың кең таралған бағдарламалары отбасындағы зорлық-зомбылықты азайтуға және ата-ана мен бала арасындағы салауатты қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі. [3]

Аспект Сипаттамасы Алдын алу әдістері

Отбасындағы зорлық-зомбылық Кәпелетке толмағандардың ата-аналары немесе қамқоршылары көрсететін физикалық немесе эмоционалдық зорлық-зомбылық

Отбасын қолдау бағдарламалары, заңнамалық шаралар, дағдарыс орталықтарының желілері

Білім беру мекемелерінің рөлі Мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау, оқушылар арасындағы агрессия Қорқытуға қарсы бағдарламалар, қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер, мұғалімдерді оқыту

Отбасы тәрбиесі Балаларда агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әсері Ата-аналарды зорлық-зомбылықсыз тәрбиелеу әдістеріне үйрету, отбасы орталықтарын қолдау

Бұқаралық ақпарат құралдарының әсері Зорлық-зомбылық мазмұнының балалардың агрессиясы мен мінез-құлқына әсері Зорлық-зомбылық мазмұнға қол жеткізуді бақылау, БАҚ-ты сыни қабылдауға үйрету

(1 кесте - Балалар зорлық-зомбылығының аспектілері және алдын алу әдістері)

Бұл кесте кәпелетке толмағандар зорлық-зомбылығы проблемасының әртүрлі аспектілерін және олардың алдын алу әдістерін жүйелеуге көмектеседі.

Сонымен қатар, білім беру мекемелері зорлық-зомбылықсыз атмосфераны құруда маңызды рөл атқарады. Мектептер оқушылар өздерін қауіпсіз және құрметті сезінетін орындар болуы керек. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бағдарламалары мен қақтығыстарды шешу бойынша тренингтер мәжбүрлеу мен қоқан-лоқысыз оң білім беру ортасын құруға көмектеседі.

Сондай-ақ кәпелетке толмағандарға әсер ететін медиа кеңістігіне және мазмұнына назар аудару қажет. Кинодағы, бейне ойындардағы және интернеттегі зорлық-зомбылықты насихаттау кәпелетке толмағандардың психикалық денсаулығына және мінез-құлқына теріс

әсер етуі мүмкін. Сондықтан агрессия мен зорлық-зомбылықты тудыруы мүмкін мазмұнға қол жеткізуді бақылау маңызды [3].

Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ мақсатына жету үшін қоғамның барлық мүшелерінің кешенді көзқарасы мен келісілген іс-әрекеті қажет. Бұл құқық қорғау органдары мен мемлекеттік мекемелердің ғана емес, балалар үшін бейбіт және қауіпсіз орта құруға ұмтылатын әрбір адамның міндеті. Сайып келгенде, кәмелетке толмағандардың әлауқатына инвестиция салу – қоғамның болашағына салынған инвестиция.

Қорытындылай келе, қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ туралы мақалада кәмелетке толмағандар үшін қауіпсіз орта құру үшін қоғамның бірлескен күш-жігерінің маңыздылығын атап өту керек. Дегенмен, бұл мақсатқа жету тек заңнамалық шаралар мен құқық қорғау шараларын ғана емес, сонымен қатар салауатты және құрметті қоғам құру процесіне әрбір адамның белсенді қатысуын талап етеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алудың негізгі құрамдас бөліктері ретінде білім беру, тәрбиелеу және психологиялық қолдаудың маңыздылығы атап өтіледі. Мақала кәмелетке толмағандарды еркін дамытып, өз әлеуетін іске асыра алатын қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз ету үшін қоғамдағы барлық мүдделі тараптардың үздіксіз ынтымақтастығына шақырумен аяқталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Straus, M.A., & Field, C.J. (2013). Violence in Hispanic families in the United States: Incidence rates and structural interpretations. In M.A. Straus & R.J. Gelles (Eds.), *Physical Violence in American Families: Risk Factors and Adaptations to Violence in 8,145 Families* (pp. 341-368). Transaction Publishers.
2. Гельлес, Р.Дж., и Перлман, С. (2012). Детское насилие: исследования, политика и практика. Издательство СЭЖ.С. 57-63
3. Андерсон, К.А., и Бушман, Б.Дж. (2001). Влияние насильственных компьютерных игр на агрессивное поведение, агрессивное мышление, агрессивное чувство, физиологическое возбуждение и проактивное поведение: мета-аналитический обзор научной литературы. *Психологическая наука*, 12(5), 353-359.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014 жылы 3 шілде № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1686> (жүгінген күні 25.03.2024)
5. Краткий аналитический отчет. «Насилие в отношении детей в семьях в Казахстане» Астана, 2017г. [Электронды ресурс] Қолданылу режимі: <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/3181/file/> (жүгінген күні 25.03.2024)
6. Статистика. «Число сексуального насилия и издевательства над детьми растет в Казахстане» [Электронды ресурс].-Қолжетімділік режимі: https://baigenews.kz/amp/news/chislo-seksualnogo-nasiliya-i-izdevatelstv-nad-detmi-rastyot-v-kazahstane_151578/ (жүгінген күні 25.03.2024)